

АТА-АНАЛАР ЖИНАЛЫСЫНЫҢ ХАТТАМАСЫ

Оқу жылы: 2025-2026

Мектепке дейінгі ұйым атауы:

«Балбөбек» бөбекжайы

Өткізу формасы: конференция.

Өткізілген күні: 28.10.2025

Өткізілген орны: «Қызғалдақ» тобының бөлмесі.

Жиналысқа қатысқандар саны: 70 адам.

Шақырылғандар *меңгеруші, педагог-психолог, мейірбике*).

Жиналыстың тақырыбы: «Жаңа оқу жылында балаларды тәрбиелеудің мақсаттары мен міндеттері».

КҮН ТӘРТІБІ

1. Жазғы сауықтыру кезеңінің қорытындылары туралы.
 2. Жаңа оқу жылында балалардың тәрбиелеу мен оқытудың мақсаттары мен міндеттері.
 3. Жаңадан келген балалар үшін бейімделу кезеңі бойынша психологтің кеңестері.
- «Өртүрлі». Ата-аналар комитетін сайлау.

БАРЫСЫ

1. Тәрбиеші Хайрулина А Ж «Сәлем, алақаным!» сәлемдесу шеңберін өткізді.

Жазғы сауықтыру кезеңінің қорытындылары туралы айтып берді. Тәрбиеленушілер сауықтыру қызметтерінің көлемін алып, толық құрамда топға ауысқаны атап өтілді.

ШЕШІМ

2025 жылғы жазғы кезеңдегі сауықтыру жұмыстары қанағаттанарлық деп саналсын.

2. Тәрбиеші Хайрулина А Ж «Менің балам өткен жылмен салыстырғанда» тақырыбына сауалнама жүргізді, оның мазмұнында негізгі бес аспект анықталды және әрқайсына мынадай үш нұсқамен жауап беру мүмкіндігі қарастырылды: «иә», «жоқ», «жауап беруге қиналамын».
- Ата-аналардың назары әр баланың дамуындағы өткен жыл және алдыңғы жаспен салыстырғандағы айырмашылықты анықтауға аударылды. Осы жас тобындағы мектеп жасына дейінгі балаларды тәрбиелеу мен оқыту процесін ұйымдастыруды реттейтін негізгі заңнамалық актілер келтірілді. Ата-аналар бұл мәселені талқылауға белсенді қатысты.

ШЕШІМ

Балалардың дамуындағы өзгерістерді балалардың жасына тән ерекшеліктер ретінде қабылдау, оларды Қазақстан Республикасында мектеп жасына дейінгі балаларды оқыту мен білім берудің мемлекеттік стандарттары негізінде тәрбиелеу мен оқыту процесінде ескерілсін.

2.1. Балалардың жас ерекшеліктері туралы айта отырып, педагог Хайрулина А Ж осы жаста балаларда болашақ тұлғаның негіздері қалыптасып, оның физикалық, психикалық, адамгершілік дамуының «негізі» қаланғанын атап өтті. Психикалық процестердің тұрақсыздығына, үш жас дағдарысын ескеріп, баланың үйлесімді дамуында ересек адам түзетуші және реттеуші рөлді орындайды. Баланың дербестікке деген ұмтылысы ересектердің шыдамдылығын, көмек пен қамқорлық жасауын қажет етеді. «баланың даму кезеңіндегі ересек адамның негізгі міндеттері» мәселесі талқылау үшін ұсынылды, онда ата-аналардың осы жас кезеңіндегі ата-ана үшін тәрбиенің негізгі міндеттері туралы жауаптары, болжамдары, ойлары тыңдалды.

ШЕШІМ

Балаға тәжірибе жинауға көмектесу, достарымен қарым-қатынас жасау үшін жағдай жасау, өзіне сенімді болуды үйрету, оған қойылатын бірыңғай және дәйекті талаптармен таныстыру; дербестікке деген ұмтылысын қолдау.

2.2. 2025 – 2026 оқу жылына бөбекжай тәрбиеленушілерін тәрбиелеу мен оқытудың жылдық міндеттерімен танысу мәселесі аясында тәрбиеші Хайрулина А Ж сөз сөйледі. Ата-аналарға стендтік секция форматында жұмыс істеу ұсынылды. ҚР БҒМ м.а. 12.08.2016ж. №499 (ҚР Білім Министрінің 14.10.2022 №422-бұйрығының жаңа редакциясында) «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы» бұйрығы негізінде үш жасар балаларды тәрбиелеудегі нысаналы тәсілдерге баса назар аударылды.

Бағдарламаның бөлімдері бойынша міндеттер бес стендке орналастырылды (1. Физикалық даму. 2. Қарым-қатынас дағдыларын дамыту. 3. Танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту. 4. Балалардың шығармашылық дағдыларын, зерттеу әрекетін дамыту. 5. Әлеуметтік-эмоционалды дағдыларды қалыптастыру.)

Стендтік секция барысында ата-аналар әр стендке жақындап, тапсырмалармен танысты, тезистік жазбалар жүргізді, кейбір міндеттердің мәнін нақтылау үшін педагогтер мен мамандарға сұрақтар қойды.

ШЕШІМ

ҚР БҒМ м.а. 12.08.2016 ж. №499-бұйрығына сәйкес, ортаңғы топта мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламаларын іске асырудың шарты ретінде балаларды тәрбиелеудің мақсаттары мен міндеттерін орындау өзекті және міндетті деп есептелсін.

3. Жаңадан келген балалар үшін бейімделу кезеңінің ерекшеліктерін

зерттеу мәселесі бойынша психолог Исмагулова С М сөз сөйледі.

Ол өзіне-өзі қызмет көрсету дағдыларын қалыптастыру; құрдастарымен араласу тәжірибесі; ересектермен қарым-қатынас дағдыларын қалыптастыру; балабақшаға бара бастау үшін дұрыс уақытты таңдау сияқты аспектілерді қарастырды.

Өз кезегінде психолог назар аударылуы қажетті бейімделудің бірнеше дәрежесін анықтады: жеңіл, орташа, ауыр. Сондай-ақ, бейімделу кезеңінен бала ғана емес, ата-аналардың өздері де өтетінін ерекше атап өтті.

ШЕШІМ

Балабақшадағы баланың қолайлы бейімделу ортасын ұйымдастыру процесінде балалардың жас ерекшеліктері мен бейімделу мүмкіндіктеріне назар аударылсын, қызметкерлерге, балабақша режиміне деген сенімділік сезімі қалыптастырылсын, сонымен қатар педагогтердің, психолог пен дәрігердің ұсыныстары қадағалансын.

ӘРТҮРЛІ.

Әртүрлі бөліміне жаңа оқу жылына ата-аналар комитетін сайлау мәселесі қосылсын.

ШЕШІМ

2025-2026 оқу жылына ортаңғы топтың ата-аналар комитеті мына құрамда бекітілсін: ата-аналар комитетінің төрағасы – Серікова Г Б ата-аналар комитетінің мүшелері – Амангелді М А хатшы – Ерғазы А Ж

АТА-АНАЛАР ЖИНАЛЫСЫНЫҢ ШЕШІМДЕРІ

- 2025 жылдың жазғы кезеңіндегі сауықтыру жұмыстары қанағаттанарлық деп саналсын.
- Балалардың дамуындағы өзгерістерді балалардың жасына тән ерекшеліктер ретінде қабылдансын, тәрбиелеу мен оқыту процесінде Қазақстан Республикасында мектеп жасына дейінгі балаларды оқыту мен білім берудің мемлекеттік стандарттары негізге алынсын.
- Балаға тәжірибе жинауға көмектесу, достарымен қарым-қатынас жасау үшін жағдай жасау, өзіне сенімді болуды үйрету, оған қойылатын бірыңғай және дәйекті талаптармен таныстыру; дербестікке деген ұмтылысын қолдау.
- Балаларды тәрбиелеудің мақсаттары мен міндеттерінің нәтижесі ҚР БҒМ м.а. 12.08.2016 ж. №499-бұйрығына сәйкес ортаңғы топта мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламаларын іске асыру өзекті және міндетті шарттары ретінде бағалансын.
- Баланың балабақшадағы қолайлы бейімделу ортасын ұйымдастыру процесінде, ең алдымен, балалардың жас ерекшеліктері мен бейімделу мүмкіндіктеріне назар аударылсын, қызметкерлерге,

балабақша режиміне деген сенімділік сезімі қалыптастырылсын, педагогтер психолог, дәрігердің ұсыныстары орындалсын.

- 2025 - 2026 оқу жылына ортаңғы топтың ата-аналар комитеті мына құрамда бекітілсін: ата-аналар комитетінің төрағасы – Серікова Г Б ата-аналар комитетінің мүшелері – Амангелді М А хатшы Ерғазы А Ж

Ата-аналар жиналысы өткізілген күн

28.10.2025

Ата-аналар комитетінің төрағасы

(Т.А.Ә.) Серік Г.Б.
(Қолы) ср

Хатшы

(Т.А.Ә.) Ерғазы А.Ж
(Қолы) Ерғазы

балабақша режиміне деген сенімділік сезімі қалыптастырылсын, педагогтер психолог, дәрігердің ұсыныстары орындалсын.

- 2025 - 2026 оқу жылына ортаңғы топтың ата-аналар комитеті мына құрамда бекітілсін: ата-аналар комитетінің төрағасы – Серікова Г Б ата-аналар комитетінің мүшелері – Амангелді М А хатшы Ерғазы А Ж

Ата-аналар жиналысы өткізілген күн

28.10.2025

Ата-аналар комитетінің төрағасы

(Т.А.Ә.)

(Қолы)

Серік Г.Б.
ст

Хатшы

(Т.А.Ә.)

(Қолы)

Ерғазы А.Ж.
ст

балабақша режиміне деген сенімділік сезімі қалыптастырылсын, педагогтер психолог, дәрігердің ұсыныстары орындалсын.

- 2025 - 2026 оқу жылына ортаңғы топтың ата-аналар комитеті мына құрамда бекітілсін: ата-аналар комитетінің төрағасы – Серікова Г Б ата-аналар комитетінің мүшелері – Амангелді М А хатшы Ерғазы А Ж

Ата-аналар жиналысы өткізілген күн

28.10.2025

Ата-аналар комитетінің төрағасы

(Т.А.Ә.) Серік Т.Б.
(Қолы) ст

Хатшы

(Т.А.Ә.) Ерғазы А.Ж
(Қолы) Ет